

# ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ САЯСАТЫ

## 1. Жалпы ережелер.

1.1. Құпиялылық саясаты «Халық» Қайырымдылық қоры» Жеке Қорының (бұдан әрі – Халық ҚҚ) Пайдаланушының сұратымы бойынша [www.halyqumiti.kz](http://www.halyqumiti.kz) адресі арқылы Халық ҚҚ Сайтында тіркелу кезінде, қызметтерге тапсырыс беруді рәсімдеу кезінде немесе Пайдаланушының дербес деректерін Сайт кез келген басқа пайдалану кезінде ұсынатын дербес деректерді жарияламау және құпиялылықты қорғау режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін белгілейді. Халық ҚҚ осы Құпиялылық саясатына өзгерістер мен толықтыруларды немесе жарияланымның жаңа редакциясын жариялай отырып, біржақты тәртіппен [www.halykumiti.kz](http://www.halykumiti.kz) адресі бойынша Халық ҚҚ Сайтында (бұдан әрі мәтін бойынша – Сайт) өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқылы.

1.2. Осы Құпиялылық саясаты шеңберінде өңдеуге рұқсат етілген дербес деректерді Пайдаланушы Сайтқа тіркелу және/немесе Өтінішке қол қою арқылы ұсынады және келесі ақпаратты қамтиды:

- 1.2.1. Пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты;
- 1.2.2. Пайдаланушының байланыс телефондары;
- 1.2.3. электрондық пошта адресі (e-mail);
- 1.2.4. тұратын қаласы;
- 1.2.5. Пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 1.2.6. Пайдаланушының туған күні;
- 1.2.7. оқу немесе жұмыс орны, мамандығы;
- 1.2.8. Халық ҚҚ Дербес емес деректерді қорғайды:
  - IP адрес;
  - cookies-тен ақпарат;
  - браузер туралы ақпарат (немесе жарнама көрсетуді жүзеге асыратын өзге бағдарлама);
  - кіру уақыты;
  - жарнама блогы орналасқан беттің адресі;
  - реферер (алдыңғы беттің адресі).

1.3. Cookies-ті өшіру авторизацияны талап ететін Сайттың бөліктеріне қол жеткізудің мүмкін еместігіне, оның ішінде Сайтта өтінім рәсімдеудің мүмкін еместігіне әкеп соғуы мүмкін.

1.4. Халық ҚҚ өз Пайдаланушыларының IP-адрестері туралы статистиканы жинауды жүзеге асырады. Бұл ақпарат техникалық мәселелерді анықтау және шешу үшін қолданылады.

1.5. Жоғарыда айтылмаған кез келген өзге дербес ақпарат (қызметтерді алу тарихы, пайдаланылатын браузерлер мен операциялық жүйелер және т.б.) Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сенімді сақталуға және таратылмауға жатады.

1.6. Халық ҚҚ Сайты арқылы қашықтықтан қызмет көрсету процессінде автоматты түрде берілетін деректерді қорғайды.

1.8. Пайдаланушының Сайтты пайдалануы оның осы Құпиялылық саясатымен және Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу шарттарымен келісетіндігін білдіреді.

1.9. Құпиялылық саясатының шарттарымен келіспеген жағдайда Пайдаланушы Сайтты пайдалануды тоқтатуға міндетті.

1.10. Осы Құпиялылық саясаты тек Сайтқа ғана қолданылады, Халық ҚҚ Пайдаланушының Сайтта қолжетімді сілтемелер бойынша өтуі мүмкін үшінші

тұлғалардың сайттарын және/немесе мобильді қосымшаларын бақыламайды және олар үшін жауап бермейді.

## **2. Пайдаланушының дербес ақпаратын жинау мақсаттары**

2.1. Халық ҚҚ Пайдаланушының дербес деректерін келесі мақсаттарда пайдалана алады:

2.1.1. Конкурса қатысу үшін Сайтта тіркелген Пайдаланушыны сәйкестендіру.

2.1.2. Пайдаланушыға дербестендірілген ресурстарға қол жеткізуді ұсыну.

2.1.3. Пайдаланушымен кері байланыс орнату, соның ішінде хабарламаларды, сұратымдарды, операцияларды Сайт арқылы жіберу, қызметтерді көрсету, Пайдаланушының сұратымдары мен өтінімін/ Өтініштерін өңдеу.

2.1.4. Конкурса қатысу үшін тіркеулік жазба құру. Бұл ретте Пайдаланушы тіркеулік жазба құру үшін келісім береді.

2.1.5. Пайдаланушы берген өтінімнің жай-күйі туралы Пайдаланушыға хабарлау.

2.1.6. Конкурс нәтижелері туралы Пайдаланушыға хабарлау.

2.1.7. Конкурса қатысу үшін ұсынылған деректерді өңдеу.

2.1.8. Сайтты пайдаланумен байланысты мәселелер туындаған кезде Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету.

2.1.9. Халық ҚҚ атынан ережені жаңарту, өткізілетін іс-шаралар және басқа да мәліметтер туралы Пайдаланушыны хабардар ету.

2.1.10. Дербес емес деректер негізінде статистикалық және өзге де зерттеулер жүргізу.

2.1.11. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықтың алдын алу үшін Пайдаланушының орналасқан жерін анықтау.

2.1.12. Пайдаланушы ұсынған дербес деректердің сенімділігі мен толықтығын растау.

2.1.13. Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу мерзімі шектелмей, кез келген заңды тәсілмен, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде жүзеге асырылады.

2.1.14. Пайдаланушы Халық ҚҚ-ның дербес деректерді тек конкурс ережесінің талаптарын орындау мақсатында ғана үшінші тұлғаларға, атап айтқанда, курьерлік қызметтерге, пошта байланысы ұйымдарына беруге құқылы екендігімен келіседі.

2.1.15. Пайдаланушының дербес деректері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша ғана Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің уәкілетті органдарына берілуі мүмкін.

2.1.16. Дербес деректер жоғалған немесе жария етілген жағдайда, Халық ҚҚ Пайдаланушыға дербес деректердің жоғалғаны немесе жария етілгені туралы хабарлайды.

2.1.17. Халық ҚҚ Пайдаланушының дербес ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

2.1.18. Халық ҚҚ Пайдаланушымен бірлесіп Пайдаланушының дербес деректерін жоғалтудан немесе жария етуден туындаған залалдардың немесе өзге де теріс салдарлардың алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

## **3. Тараптардың міндеттемелері**

3.1. Пайдаланушы міндетті:

3.1.1. Конкурса қатысу мақсатында Сайтты пайдалану үшін қажетті дербес деректер туралы ақпаратты ұсынуға;

3.1.2. Осы ақпарат өзгерген жағдайда дербес деректер туралы ұсынылған ақпаратты жаңартуға, толықтыруға.

3.2. Халық ҚҚ міндетті:

3.2.1. Алынған ақпаратты тек «Пайдаланушының дербес ақпаратын жинау мақсаттары» бөлімінде көрсетілген мақсаттар үшін пайдалануға.

3.2.2. Құпия ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етуге, Пайдаланушының алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге, сондай-ақ Пайдаланушының берілген дербес деректерін сатуды, айырбастауды, жариялауды жүзеге асырмауға немесе өзге де ықтимал тәсілдермен жария етпеуге.

3.2.3. Қолданыстағы іскерлік айналымда осындай ақпаратты қорғау үшін әдетте пайдаланылатын тәртіпке сәйкес Пайдаланушының дербес деректерінің құпиялылығын қорғау үшін сақтық шараларын қолдануға.

3.2.4. Дұрыс емес дербес деректер немесе заңсыз іс-әрекеттер анықталған жағдайда, тексеру кезеңінде Пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің немесе дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның жүгінген немесе сұрау салу кезінен бастап тиісті Пайдаланушыға қатысты дербес деректерді бұғаттауды жүзеге асыруға.

3.3. Жоғарыда айтылмаған кез келген өзге дербес ақпарат сенімді сақталуға және таратылмауға жатады.

#### **4. Дауларды шешу**

4.1. Сайтты Пайдаланушы мен Халық ҚҚ арасындағы қатынастардан туындайтын даулар бойынша кінәрат-талаппен сотқа жүгінгенге дейін талап қою (дауды ерікті түрде реттеу туралы жазбаша ұсыныс) міндетті болып табылады.

4.2. Халық ҚҚ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мерзімде кінәрат-талапты қарау нәтижелері туралы арыз берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

4.3. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органының қарауына берілетін болады.

4.4. Осы Құпиялылық саясатына және Пайдаланушы мен Халық ҚҚ арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.